

04. 09.2023ж

Бұйрық № 8/2 Н/Қ

04. 09.2023ж

2023-2024 оқу жылына арналған педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесті құру және жұмысын ұйымдастыру туралы

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығының талаптарын басшылыққа ала отырып, педагогтердің кәсіби әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

3. 2023-2024 оқу жылына арналған балабақшаның Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңесі (бұдан әрі – Кеңес) келесі құрамда жасақталсын:

Кеңес төрағасы: Мазикенова А.М.

Кеңес хатшысы: Бегеева Ж.А.

Кеңес мүшелері: Изжанова Э.А. – педагог, ата- ана комитетінің өкілі

Тышимова А.Т.- педагог

Умарова С.А. -педагог

2.Кеңестің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3.Кеңес төрағасы А.М.Умароваға және мүшелеріне:

Педагогикалық әдеп қағидаларының сақталуына мониторинг жүргізу;

Педагогтер мен тәрбиеленушілердің ата-аналары арасындағы өзара сыйластық пен этикалық нормалардың бұзылу жағдайларының алдын алу жұмыстарын ұйымдастыру жүктелсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының
менгеруші:



Г.Б.Жумагазина

«Бекітемін» _____
 «АйКүн» бөбекжай-балабақшасының
 меңгерушісі Жумағазина Г.Б.
 Қыркүйек, 2023 жыл

«АйКүн» бөбекжай-балабақшасының
 «Педагогикалық әдеп» кеңесінің жұмыс жоспары
 2023-2024 оқу жылы

№	Қаралатын мәселер	Мерзімі	Жауапты
1	«Педагог бейнесі» дөңгелек үстел	Қазан	Педагогикалық әдеп кеңесі
2	«Этикалық құндылықтарға бей-жай қарамау» диалог алаңы	Қаңтар	Педагогикалық әдеп кеңесі
3	«МДҰ педагогтарының кәсіби этикасының қағидасы» педагогтарға арналған жадынама әзірлеу	Наурыз	Педагогикалық әдеп кеңесі
4	МДҰ-да педагогикалық этика мәселелері бойынша ата-аналарға сауалнама жүргізу	Мамыр	Педагогикалық әдеп кеңесі
5	-Педагогикалық әдеп ережелерінің орындалуы -Жылдық жұмыс қорытындысы	Мамыр	Педагогикалық әдеп кеңесі

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 11 қыркүйек 2023 жыл

Өткізілетін орны: Муз зал

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: Мазикенова Айгуль Махамбетовна

Хатшы: Бегеева Ж.А.

кеңес мүшелері:

Изжанова Э.А.

Тыщимова А.Т.

Күн тәртібінде:

1. «Педагог бейнесі: заманауи педагогке қойылар талаптар мен кәсіби келбет».
2. Педагогикалық әдеп және оқыту үдерісіндегі жаңашылдықтарды қолдану.
3. Ұстаз бен тәрбиеленуші арасындағы өзара сенім мен қарым-қатынас мәдениеті.

I. Тындалды

Төраға Мазикенова А.М. кіріспе сөз сөйлеп, дөңгелек үстелдің мақсаты мен маңызына тоқталды. Қазіргі қоғамдағы педагогтің рухани-адамгершілік келбеті, оның тұлғалық қасиеттері мен кәсіби шеберлігі ұрпақ тәрбиесінде шешуші рөл атқаратынын атап өтті.

Баяндамашы Тыщимова А.Т.: «Заманауи педагогтің кәсіби бейнесі және оның құзыреттері» тақырыбында баяндама жасады. Мұғалім тек пән игертуші емес, сонымен қатар бағыт-бағдар беруші тәлімгер екенін жеткізді. Сондай -ақ «Педагогикалық этика және эмоциялық интеллект» мәселесін көтерді. Педагогтің өз эмоциясын басқара білуі, ортадағы сыйластық пен оқушыларға психологиялық қолдау көрсету жолдарын айтты.

Изжанова Э.А қосымша педагог (ата-ана комитетінің мүшесі): Ұстаз бейнесінің қалыптасуына үнемі өзін-өзі жетілдіру, ізденіс пен заман талабына сай цифрлық сауаттылықтың әсері зор екенін айтып, тәжірибесімен бөлісті.

Умарова Салтанат Арстангалиевна қосымша педагог-хореограф Жас педагогтерге кәсіби ортада өзін көрсете білу, әріптестерден үйрену және педагогикалық әдеп нормаларын ұстану бойынша өз ойын ортаға салды.

III. Дөңгелек үстелдің шешімі:

Талқыланған мәселелерді негізге ала отырып, дөңгелек үстел

ҚАБЫЛДАЙДЫ:

1. Педагогтің кәсіби және моральдық-этикалық бейнесін жоғары деңгейде ұстау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Жас мамандарға тәлімгерлік көмекті күшейтіп, педагогикалық әдеп нормалары бойынша ай сайын шағын тренингтер мен тәжірибе алмасу сағаттары ұйымдастырылсын.

3. Оқыту үдерісінде оқушылармен кері байланысты жақсарту және ұстаз мәртебесін көтеруге бағытталған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Төраға: Маз Мазткенова А.М.
Хатшы: Б.м Бегеева Ж.А.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 08 қаңтар 2024жыл

Өткізілетін орны: Муз зал

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: Мазикенова Айгуль Махамбетовна

Хатшы: Бегеева Ж.А.

кеңес мүшелері:

Изжаanova Ә.А

Тышимова А.Т.

Умарова С.А.

Күн тәртібі:

1. «Этикалық құндылықтарға бей-жай қарамау» тақырыбындағы өзекті мәселелерді талқылау.
2. Қоғамдағы моральдық-этикалық нормаларды жандандыру жолдары.
3. Ұсыныстар қабылдау және жұмыс жоспарын бекіту.

Жиынның барысы мен талқылаулар

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Төраға Мазикенова Айгуль Махамбетовна сөз сөйлеп, қазіргі қоғамдағы этикалық құндылықтардың маңызына тоқталды. Әрбір азаматтың қоғамдағы ортақ ережелер мен моральдық талаптарға бей-жай қарамауы керектігі айтылды.

Пікір алмасу кезеңінде сөз сөйлегендер:

Белсенділер мен қатысушылар жастар арасындағы тәрбие, өзара сыйластық және жауапкершілік тақырыптарын көтерді.


Этикалық нормалардың бұзылуына жол бермеу үшін әрбір адам өз ортасында үлгі көрсетуі тиіс екендігі атап өтілді.


Қабылданған шешімдер:

Қоғамда этикалық құндылықтарды насихаттау жұмыстарын күшейту.

Коллектив арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін кезекті ақпараттық шаралар ұйымдастыру.

Айтылған ұсыныстарды ескере отырып, алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Төраға:  Мазикенова А.М.

Хатшы:  Бегеева Ж.А.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 4 наурыз 2024жыл

Өткізілетін орны: Муз зал

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: Мазикенова Айгуль Махамбетовна

Хатшы: Бегеева Ж.А.

кеңес мүшелері:

Изжанова Э.А

Тышимова А.Т.

Умарова С.А.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. МДҰ педагогтарының кәсіби әдеп пен этика нормаларын сақтау жағдайын талқылау.
2. «МДҰ педагогтарының кәсіби этикасының қағидасы» атты педагогтарға арналған практикалық жадынама әзірлеу және бекіту.
3. Жадынаманы жұмыс барысында қолдану және тарату жұмыстарын ұйымдастыру.

I. Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Төраға Мазикенова Айгуль Махамбетовна сөз сөйлеп, мектепке дейінгі ұйымда балалармен, ата-аналармен және әріптестермен қарым-қатынаста педагогикалық этика қағидаларын қатаң сақтау керектігін атап өтті. Педагогтің сырт келбеті, сөйлеу мәдениеті, әділдігі мен мейірімділігі тәрбиеленушілерге үлкен әсер ететінін жеткізді.

Екінші мәселе бойынша: Мазикенова А.М. педагогтерге арналған «МДҰ педагогтарының кәсіби этикасының қағидасы» атты жадынаманың жобасын таныстырды. Жобаға келесі негізгі тармақтар енгізілді:

- Балалардың құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу, әр балаға мейіріммен қарау.
- Ата-аналармен сыпайы, сенімді және әдепті қарым-қатынас орнату.
- Ұжымдағы өзара ынтымақтастық, кәсіби қолдау және әріптестік сыйластық.
- Балалардың жеке деректері мен отбасылық сырын құпия сақтау.
- Іскерлік киім үлгісін ұстану және жұмыс уақытында этика нормаларын бұзбау.


II. Сөз сөйлегендер:

1. Тәрбиеші Бегеева Ж.А.: Жадынама жобасы толықтай өзекті екенін айтып, оны әр топ бөлмесіне және әдістемелік кабинетке іліп қоюды ұсынды.
2. Тәрбиеші Тышимова А.Т.: Жадынама мазмұнына жас мамандарға көмек ретінде қосыпайы сөйлеу мен жанжалды жағдайларды шешу жолдарын қысқаша қосуды ұсынды.

III. ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау мақсатында «МДҰ педагогтарының кәсіби этикасының қағидасы» атты жадынаманың мәтіні оң бағаланып, ресми түрде бекітілсін.
2. Жауапты Мазикенова А.М:мен шығармашылық топқа жадынаманың мазмұнын қосымша ұсыныстармен толықтырып, 2024 жылғы «01» сәуірге дейін баспа түрінде дайындау тапсырылсын.
3. Барлық МДҰ педагогтары мен тәрбиешілері бұл жадынамамен танысып, күнделікті кәсіби қызметінде басшылыққа алсын.
4. Қаулының орындалуын бақылау МДҰ меңгерушісіне М.М.Журткановаға жүктелсін.

Төраға:



Мазикенова А.М.

Хатшы:



Бегеева Ж.А

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ОТЫРЫСЫНЫҢ №4 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 4 мамыр 2024жыл

Өткізілетін орны: Муз зал

Қатысқандар:

Кеңес төрағасы: Мазикенова Айгуль Махамбетовна

Хатшы: Бегеева Ж.А.

кеңес мүшелері:

Изжанова Э.А

Тышимова А.Т.

Умарова С.А

Күн тәртібі

1. МДҰ педагогтерінің педагогикалық этика нормаларын сақтауы бойынша ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талқылау.
2. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы өзара қарым-қатынасты жақсарту жолдары.

Тындалды

Бірінші мәселе бойынша МДҰ меңгерушісі М.М.Журтканова сөз сөйледі. Ол педагогикалық этиканың маңызына тоқталып, ата-аналар арасында өткізілген сауалнаманың қорытындысын таныстырды. Сауалнамаға «Балапан» тобының 24 ата-ана қатысып, педагогтердің сыпайылығы, балаларға жеке көзқарасы және ата-аналармен байланыс деңгейі бағаланғанын айтты.

Сауалнама нәтижелері (Қорытынды көрсеткіштер)

Педагогтердің ата-аналармен қарым-қатынастағы сыпайылығы мен мәдениеті:

Жоғары (қанағаттанарлық) = 92% (22 ата-ана)

Орташа – 8% (2 ата-ана)

Тәрбиешілердің балаларға әділ, мейірімді қарауы:

Толық келісемін – 95% (23 ата-ана)

Жартылай келісемін – 5% (1 ата-ана)

Педагогикалық этика ережелері бұзылған жағдайлар тіркелді ме?:

Жоқ – 100% (24 ата-ана)

Пікір алмасу

Сөз сөйлеген ата-аналар (Д.Бабакулова, Д. Н. Ахметов) тәрбиешілердің жұмысына алғыс білдіріп, балалардың бақшаға қуанышпен баратынын атап өтті. Сонымен қатар, топтағы ақпарат алмасу жұмыстарын мобильді қосымша арқылы жеделдету туралы ұсыныс айтылды.

Қаулы етілді:

1. Сауалнама нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Педагогтерге ата-аналармен және балалармен қарым-қатынаста педагогикалық этика нормаларын әрі қарай да қатаң сақтау міндеттелсін.
3. Ата-аналар мен балабақша арасындағы кері байланысты күшейту мақсатында әр айдың соңында шағын онлайн-сауалнамалар жүргізу тәжірибеге енгізілсін. (Жауапты: Мазикенова А.М.)

Төраға: Маз Мазикенова А.М.

Хатшы: Бег Бегеева Ж.А